

FTAMP 17.07.51

**Мұхит Қожашев**

*Абай ат. Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан  
(E-mail: raimbek26@mail.ru)*

### **Жамбылдың жыршылық өнері: қалыптасуы мен ерекшелігі**

**Аңдатпа.** Мақалада қазақ әдебиеті тарихындағы жыршылық пен ақындық өнердің хас шебері саналатын, қазақ поэзиясының алып бәйтерегі Ж.Жабаевтың жыршылық өнерінің қалыптасуы жан-жақты қарастырылған. Жамбыл – өз дәуірі мен қоғамының өмір шындығын отты тілімен шебер суреттей білген суырыпсалма ұлы ақын. Оның поэзиясы қазақ халқының сол тарихи кезеңдегі басынан кешкен ауыр тауқыметіне арнаған жырлар легінен тұрады.

Мақалада алдымен қазақ дәстүріндегі жыршылық өнердің қалыптасу тарихы, басты ерекшеліктері, синкреттілік сипаты Орта Азия халықтарымен салыстырыла отырып сипатталған. Өнерпаз бойына жыршылық өнердің қонуы жыршы Жамбыл өмірінен естеліктерге сүйене отырып сарапталды. Бойына жыр қасиеті дарыған талантты ақынның алдыңғы толқын ұстаздары мен ақындық ортасы да мақалада аталып өтіледі. Жыр алыбының ақындық тұлғасының қалыптасуы тарихи деректерге сүйене қарастырылды. Ақын шығармашылығының поэзиялық қырының жан-жақтылық сипатын айқындау мақсатында оның нақты өлеңдерінен үзінділер келтіру арқылы, оларды поэтикалық тұрғыдан қарастыру негізінде талданды. Ақын өзі өмір сүрген замана шындығын гуманистік көзқарастары негізінде философиялық байламы бар терең ойларымен ұтымды жеткізе білген. Осы өлеңдердің негізінде жыр алыбы Жамбылдың ақындық қуаты айқындалды.

**Түйін сөздер:** отансүйгіштік, ұрпақ, адамгершілік, еңбек, ерлік, серт, ақиқат, жауапкершілік

**DOI:** <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2019-129-4-53-60>

**Кіріспе.** Көнеден бабаларымыз биік бағалап қастерлеген асыл сөз өнерінің қуатты, қастерлі саласы – ақындық өнер. Ақын жүрегіндегі тебіреністі толқыныстан ұшқыр оймен астаса суырылып сыртқа шығатын өлең құдіреті өнер атаулының ішіндегі ерен биігі болып саналады. Кез келген әдебиетте поэзияның өзіндік алар айрықша орны бар.

Әлем халықтарының көпшілігінде кездесе бермейтін, талай жұртты тандай қақтырған ақындық өнердің ерекше бір парасы – жыршылық, жыраулық өнер. Қазақ әдебиеті тарихында жыршылық дәстүр XV-XIX ғасырларда ерекше қарқынмен дамып, айрықша сипатты қасиеттерге ие болған. Жыршылық синкретті өнердің бір түрі болып табылады әрі жыраулықпен, орындаушылықпен, күйшілікпен тұтастықта қарастырылады. Жыршылық өнер – ауыз әдебиетінің бір саласы. Бұл дәстүр тарихи бастауын сонау түркі халықтарына ортақ мұра саналатын Күлтегін, Тоныкөк, Орхон-Енисей жазуларынан алады. Сына тасқа қашалып жазылған Естеміс-Бумын қағандарға арналған мадақ жырларынан жыршылық дәстүрдің айрықша белгілерін аңғаруға болады.

**Тақырыптың өзектілігі.** Қазақтың жыршылық өнері тікелей ұлтымыздың тарихымен, мәдениетімен, тұрмыс-салтымен, тілімен байланысты. Қазақ халқының жыршылық өнерін эпикалық жанрдағы батырлар жыры, тарихи жырлар, лиро-эпостық жырлар, қисса-дастандар құрайды. Ұлтымыздың жыршылық өнері туралы алғашқы ғылыми ой-тұжырымды ұсынып, қазақ, қырғыз жыршылық өнері туралы зерттеу жүргізіп, тұшымды пікір айтқан М.Әуезов еді. Ұлттық әдебиетіміздегі ақындық-жыршылық өнердің тұлғасы саналатын, «Жыр алыбы» атанған жыршы Жамбыл Жабаевтың орны ерекше. Жамбыл – қазақ әдебиеті ғана емес, әлем әдебиеті тарихында ірі тұлға. Ж.Жабаевтың ақындық тұлғасының, жыршылық өнерінің қалыптасуы туралы дәлелді ойларды жамбылтану ғылымын қалыптастырған ғалымдар тұжырымына сүйене отырып қарастыруға болады.

Қазақ ақын-жыршыларының қалыптасуы мен олардың ұрпақ жалғастығы ұзақ әрі күрделі процесс болып табылады. Кез келген тұлға бұл қасиетке ие бола алмайды. Адам бойындағы талантының бұл өнерді игеруде маңыздылығы зор. Жыршының бойында орындаушылық талант, айтқыштық шеберлік болуы шарт. Дәстүрлі мәдениетке бай, сөз өнері қарқынды дамыған, жыршылық ұрпақ сабақтастығы жалпыласқан өңірлерден халық ақындары мен өнерпаздары көптеп дүниеге келген. Көлемді эпикалық шығармалар мен ұзақ дастандарды айту үшін аса күшті есте сақтау қабілеті мен сөз тапқыш шешендік қасиет те болуы керек. Ақын-жыршының бойындағы басты қасиеті табан астында орынды сөз тауып, импровизаторлық қабілетімен өлеңді құрай білу шеберлігінде. Жыршылық өнерде ұзақ уақыт жырлау машығы, кең көлемді ауыз әдебиеті үлгілерін жаттауға тура келеді. Қазақта ақындық-жыршылық өнердің қалыптасуының бір формасы – туыстық арқылы, генеологиялық тұрғыда тарауы негізінде дарынды, өнерге икемі бар ұрпаққа берілуі.

Аталған тұжырымға айқын дәлел ретінде Жамбыл ақынның жыршылық қабілетінің қалыптасуына қатысты негіздемелерді ұсынуға болады. Ақынның шыққан руы Екей сөз өнері дарыған, ақын-жыршылар көптеп шыққан әулет болған. Жыр алыбына батасын беріп, Жамбыл «пірім» деп санаған атақты ақын Сүйінбай да осы рудың өкілі болған. Ел ішінде Екей руы туралы: «Екейде елу бақсы, сексен ақын. Жаратып мінеді екен ерттеп атын. Қобызы, домбырасы үнін қосып, Гулейді жын қаққандай кешке жақын», - деген қағытпа сөздер де кездеседі. Белгілі әдебиетші, көрнекті ғалым Серік Қирабаев: «Жамбылдың өз руы – Екей руынан, шынында да, талантты ақын-жыршылар, өнер иелері көп шыққан. Солардың атақтысы – Сүйінбай ақын. Сүйінбай жырлары шындықты айта білуімен, өткірлігімен, тапқырлығымен халыққа ұнаған және ел арасына кең тараған. Жасынан сөз өнеріне жетік, шыншыл, Жамбылдың алғашқы өлеңдерін Сүйінбай мақұлдап, оған бата берген. «Өлеңді тындаушының көкейінен кетпейтін етіп айт. Сенің өлеңдерің жеке адамның емес, бүкіл халқымыздың игілігіне айналатын болсын. Әрқашан жүрекпен жырла: әділ сөйлеп, адал бол», - дейді үлкен ақын жас шәкіртіне. Сүйінбай жолын қуған Жамбыл, оны өмір бойы ұстаз тұтып, одан үлгі алған», - деп Жамбылдың ақындық қабілетінің қалыптасуы туралы тұжырымын ұсынады. Ақынның шығармашылығы, ақындық құдіреті туралы көлемді зерттеулер жасаған белгілі ғалым Мырзатай Жолдасбеков Жамбылдың жыршылық қабілеті жайлы: «Жамбыл алдымен халық жырауларынан үйренген, ел өнерінің қайнар көзінен, мөлдір тасқынынан туған, сол өнердің бөлеуінде өскен. Жамбылдың үлгі-өнеге алған мектебі – Сүйінбай, Қаба, Шөже, Майкөт, Жанақ, Түбек, Майлықожа, Құлыншақ, Бақтыбай, Қуандық тәрізді іргелі ақындар, Кебекбай, Ноғайбай, Сапақ, Бөлтіріктердей от ауызды, айыр көмей шешендер, Қанадай, Байсеркедей өнері асқан күйшілер», - деп сөз қозғайды. Ғалым бұл ойын Жамбылдың ақындық ортасы дәлелдеген, Құлмамбет, Сарбас, Шашубай, Айкүміс, Досмағамбет, т.б. ақындармен айтыстарында айтылған сөздеріне сүйене негіздеген. Қазақ ауыз әдебиеті өнерпаздарының бір ерекшелігі – олардың бір өнерді бір басына топтап, әр өнерге шебер, синкреттілікті сипаттарының басымдылығы. Бұл да ақын Жамбыл бойындағы басты қасиеттердің бірі.

Жамбыл ақын өз бойына жыршылық өнердің қонуы туралы былай әңгімелеп айтып отырады екен: «Маған өлең анықтап жолдас болғаны жиырма жасымда. Осы күнгі Жамбыл колхозының жайлауы Желдісайда (бұл бұрынғы Жамбылдың жайлауы) жүріп ұйықтап кетсем, бір адам түсімде келіп: «Өлең аласың ба, көген аласың ба?» - деді. «Екеуін де алам», - дедім. Шошып ояндым, аузыма өлең келіп тығылып тұрғандай болды. Үйіме келе домбыра алып, өлеңді саулатып айтқан соң ғана барып, кеудем орта түскендей болды.

Әлем өркениетінде жыршы-ақындар өнері Қырғыз, Моңғол, Тибет халықтарында кең тараған. Осы халықтардың, яғни қазақ пен қырғыз жыршылары мен манасшыларның, түрік шайыр-озандарының, әзірбайжан ашықларының өнеріне үңіле қарап, жете саралағанда көңіл аударатын ортақ және өзіндік белгілер, дәстүрлер аз емес. Соның бірі

жыршылық қасиеттің өнер адамына қалай қонатыны туралы ғажайып аңыздар, тылсым әпсәналар мазмұндас болып келеді. Түс көру мотиві, түсінде аян беру, ұзақ ауырғаннан жазылған кезде жырлап кету сынды эпизодтар ХХ ғасырдың ортасына дейін өз жалғасын тапқан болатын. Бойында дарыны бар, өнерге икемді адамдардың түс көруін жоққа шығаруға болмайды. Өз өмірін тұтастай өнерге арнап, кейін жырдың қонуы туралы аңыз-әңгіме айтқан өнерпаздардың барлығы дерлік жасынан сөз құдіретіне ден қойып, соны игеруге психологиялық тұрғыдан толық берілген болып табылады. Халық арасында өнерге келудің бұл жолын «сөз қонды» деген ұғыммен атайды. Әр халықта бұл ұғымның өзіндік астары болған. Мысалы, қырғыздың манасшылары «жыр қонды» дей отырып, өзінің алдындағы жыр үйретуші ұстаздарын айтуға онша құлықты болмаса, қарақалпақ, қазақ жыр айтушылары өз ұстаздарының есімін құрметпен атап, ұстазының үлгі алған жырауларының алдындағы бес-алты өкілін де айтып отырған. Түсінде аян беріп, соның нәтижесінде жыршылық бойына дарыған деген аңыз әңгіме Орта Азия халықтарының ішінде кеңінен таралған. Белгілі манасшы Тынысбек далада ұйықтап қалғанда түсінде Манас қырық чорасымен келіп «Манасты» айтуға кеңес берсе, өзбек бахшиларының көпшілігі жыр айтуды: «Алла-тағаланың» айтуымен меңгергенін айтады, ал Наджеп оғлан бақшысы түсінде «қырық жігіт» келіп жырды аузына шарап етіп құйғанын аңыз етеді. Бойына жыр қонғаннан бастап талапты өнерпаз ақындық пен жыршылыққа ден қояды. Алғашында әкесінің, туысқан ағасының алдынан өтіп рұқсат ретінде бата тілек сұрайды.

«Батанды маған бер, әке,

Тіліме менің ер, әке.

Жапаның ұлы ақын боп,

Атағы шықты дер, әке, -деп әкесінің ұрлыққа жұмсағанына бармай, өлеңмен тілек айтады. Бұл өлеңнің астарында екі түрлі себеп бар. Бірі – әке ісін қоштамай, момынның малын ұрлап байлық жиюды жек көру, екіншісі – асыл сөздің қуатымен еліне қызмет істеуге бел байлауы. Әкеден қолдау көрмеген соң туысқан ағасы Сарыбайға:

«Сареке, салдым бір сөз сыныңызға,

Сіздің сын таразы ғой сырымызға,

Қолыма домбыра алып, талап қылдым,

Бересің қандай бата ұлыңызға», –дейді.

Қазақ халқы батаның қасиетіне айрықша сенеді, бата адамның жолын ашып, ырысқа бөлейді деп біледі. Аға буын ақын немесе жыраудың батасын алған, ықыласына бөленген жыршыларды ел арасында қадірлеп, өнерін ерекше құрметтеген. Ел ішіндегі жас өнерпаздар болса аузы дуалы ел ағаларынан бата алуды өздеріне парыз санаған. Бата берген адамды өмір бойы өзіне ұстаз тұтып, сыйлап өткен.

Жыр алыбы атақты Сүйінбай ақыннан бата алған соң, сол ақындық өнерге бет бұрып, жетілу жолында жүрген шағында бір ақынның батасына, ақыл-кеңесіне қанағат етіп қоймайды, өз тұсындағы аға ақындардың бәрінің де сынына түседі, кездескен жерде өлеңін сынатып бағасын алып отырған. Ал, Жамбылдың төңірегіндегі ақындар өздері алғашқы ақындық жолға түскенде өнерін сынатып, Жамбылдан бата алғандарын айтады. Жамбыл да, Сүйінбай сияқты, өзінің шәкірттеріне ақындықтың қыр-сырын аша отырып, сара жолға түсу үшін барынша Жамбылдың ақын болып қалыптасуы тек Жетісу ақындық мектебінің аймағында қалмады. Ол өзінің алдында ғұмыр кешкен ақын-жыраулардың, өзімен қатарлас ақын-жыршылардың бай мұрасын, күллі халық поэзиясын толықтай меңгеріп, өз шығармаларының асыл тұғыры ете білді. Асан қайғы, Бұқар, Шернияз, Дулат, Шортанбай, Сүйінбай, Нысанбай, Майлықожа, т.б. ақындарды өзіне үлгі тұтты. Сонымен қатар, Жамбыл орта Азия халықтарының ішінде көршілес қырғыз елінің сөз өнерін де жетік меңгерген. Қырғыз манасшылары мен жыршылары арасында үзеңгілес достарымен бірге сол жерлерді аралап, өлең-жыр айтып, күй шертіп, талай аламан айтысқа түскен болатын. Қырғыздың атақты

Тоқтоғұл, Әлімқұл, Балық, Тыныбек, Қатаған сияқты дүлдүлдерімен өнер сайысына түсіп, солармен бірге Манас, Ер Төштік эпостарын жырлаған. Дүлдүл ақын бүкіл әлемге ортақ мұра саналатын «Мың бір түннің» тарауларын, Ортай Азия мен Кавказ халықтарына ортақ «Көрұғлұ» жырын, Фирдоуси «Шахнамасының» үзінділерін жасынан жатқа айтып жүрген. Осындай ұлы қайнардан нәр алған жыр алыбы тек қазақ халқына ғана емес, жер-жерлерге аты танылған әйгілі жырау, ақын-жыршы болып қалыптасады. Асыл сөз өнерінің осындай үш үлкен арнасын бірге тоғыстыра білу әдебиттегі үлкен құбылыс.

XIX ғасырдағы қазақ қоғамының мәдени-рухани дәуірлеу кезеңінің қазақ халқының тарихи тағдырына ренессанстық рөл атқарғаны белгілі. Қазақ даласы осы тұста Шоқан, Ыбырай, Абай, Махамбет, Дулат, Сүйінбай, Жамбыл, Біржан, Ақан сияқты біртуар перзенттерді әкелсе, оның ортасынан Жамбылдың қайталанбас тұлғасы асқақтай көрінеді.

Жамбылдың бір ғасырлық ғұмыры мен шығармашылық өмірі ұлтымыздың басынан кешкен тарихи оқиғаларымен тұспа-тұс келеді. Қазақ елінің патшалы Ресей мен Қоқан хандығының екі жақты қыспағында қалуы, Ресейге қарсы Кенесары хан бастаған ұлы күрес, кейінгі Қоқан басқыншыларымен өткен шайқастар, XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалыс, Қазан төңкерісі, отызыншы жылдардағы Кеңес өкіметінің ұжымдастыру саясаты, аштық, Ұлы Отан соғысы оның өз көзімен көрген қиын кезеңдер. Ел ішіндегі түбірлі өзгерістер кезеңінде жүз жылдық ғұмырын өнерге арнаған алып тұлғаның тағдыры айрықша шиеленіске толы болған.

«Туған елім» атты толғауында:

Қазақ-қазақ болғалы

Көрдік қой талай хандарды,

Өткіздік қой біз бастан

Азапты ауыр заңдарды – деуі – ақын ұсынған тарих шындығы. Бұл толғау арқылы ақын әдебиетте нағыз тарихи оқиғалардың көрінісін халықтың басынан өткен жәйтпенен суреттей берген. Тарихи шындықтың ақын шығармаларында берілуі арқылы өз жылдарының халықтық сипатын айқындайды.

Ол өзінің ақындық шеберлігімен тұтас дәуірдің шежіресін жасай білді, толғанысты ойларымен сол дәуірді саралап берді. Осы кездегі еліміздің әлеуметтік-саяси өмірін ақынның «Шағым», «Жылқышы», «Патша әмірі тарылды», «Шәбденге», «Сәт сайланарда», «Зілді бұйырық», т.б. отты өлеңдерінен аңғаруға болады. Ақынның «Менің өмірім» атты жырында:

Көз аштым, сорғалаған қанды көрдім,

Қамыққан қанды жасты жанды көрдім.

Ел көрдім, еңіреп босқан аңды көрдім,

Қойнында Алатаудың зарды көрдім - деп аллегориялық сарында халық жағдайына күйінген жан айқайын өлеңмен өреді.

Туғанынан ұлтының басындағы ауыр халді көріп өскен ақын шығармаларында шындықты айтып, замана көрінісін суреттеді, өзінің өкініші мен күйінішін ащы дауыспен жырлайды, сынайды. Ақын айтыстары шыншылдық пен сыншылдық қасиетімен, тұрашылдығымен ерекшеленеді. Жамбылдың ақын ретінде Жетісу, Сыр өңірі мен Қырғызстан аймағына әйгілеген оның тек жыршылық өнері ғана емес, оның айтыстары екені де белгілі. Жамбылдың бойындағы импровизациялық өнерін айтыстары шыңдады, ақындық шеберлігін арттырды. Қазақ әдебиетінің алтын қорында Жамбылдың Сайқал қызбен, Жаныс ақынмен, Бұрым қызбен, Айкүміспен, Сарамен, Бөлтірікпен, Майкөтпен, Құлмамбетпен, Доспамбетпен, Шашубаймен айтыстары енген болатын. Оның айтыстарының қатарында қыз бен жігіт айтысы, қайым айтыс, түре айтыс, сүре айтыс үлгілері болған. Қай жыр додасында болмасын Жамбыл өзінің бойындағы ерекше дарынын, кестелі сөздің шебері екенін, ұшқыр ойлылығы мен тапқырлығын көрсету арқылы ақындық ортасын мойындата білді.

Жамбыл – эпик әрі айтыс ақыны, абыз жырау, талантты жыршы. Ол шын мағынасындағы биік парасатты өнерпаз, азаматтық саяси поэзияны қалыптастырушы болды. Жамбылдың ұлылығы оның тек ақындық шеберлігімен ғана емес, сонымен бірге, халық поэзиясының бұтақ жайған жаңа бір бәйтерегі болуымен, басқаша айтқанда, халық ақындарының жасампаздық рухтағы жаңа ұлы көшін бастаған даралығымен өлшенеді. Оның сөздері ұранға айналып, өзі халық поэзиясының атасы аталды. Ол жыраулардың байтақ эпикалық дәстүрін, қазақ сөз өнеріндегі ғажайып суырып салмалық үрдісті бүтіндей жаңа арнаға бұрып, оған жаңа мазмұн дарытты.

Жыр алыбы Жамбыл – өзіне дейінгі ақын-жыршылар дәстүрін дамыта, кеңейте жырлаған суреткер ақын. Асан қайғы, Махамбет толғауларындағыдай өмір құбылысын қарама-қайшылықты қалпымен бейнелеп жырлауды Жамбыл өз шығармаларында кең өрісте дамыта білді. «Туған елім» толғауында ақын ойындағы тұлғаны нағыз романтикалық бейнелеудің биік үлгісін көрсете білді. Ақын-жыршылар поэзиясына тән романтикалық тұрғыда шендестірілген қарсы құбылыстардың жырлануын ұсынды:

Ақылы дария деп едім,  
Бірақ кейде дарияның  
Қайырлайды кемесі.  
Шайқалған жорға дер едім,  
Ат та шаршап болдырар,  
Кездессе жердің белесі...

Толғаудың объектісі ретінде алынып отырған тұлға поэтикалық-көркемдік жинақтаудың аса жетілген қалпымен өте үлкен романтикалық бейнелеумен өрнектеледі. Ақын ойындағы поэтикалық бейне фольклорлық-мифологиялық бейнелеу үлгісінде беріледі:

...Туған айдай дер едім,  
Түнде бар да күндіз жоқ.  
Жайнаған күндей дер едім,  
Күндіз бар да, түнде жоқ.  
Темір қазық дер едім,  
Тек тұрғаны болмаса,  
Онда тіл де, үнде жоқ!  
Түнде де бар, күндіз бар,

Жанып тұрған жалынды от. -деп, аса айшықтау өрнектерімен философиялық байламдарын тереңінен тебіrentкен.

Ақын-жыршылар халық арасында даналығымен, батырлығымен халықтың құрметіне бөленген ел басқарушыларын мадақтайды. Жамбыл ақынның «Сыздық сұлтанға», «Шәбденге» деген өлеңдерінде осы дәстүрдің көрінісі айғақталады. Сыздық сұлтанға арналған өлеңде Кенесары ханға, оның дәстүрін жалғаған Сыздық сұлтанға деген халық көңілінің құрметі реалистік романтикалық әуендер тұтасқан сарынмен жырланады:

Сен бір қалған көз едің,  
Кенесары асылдан...  
Сыздық атың жайылды,  
Бұл өңірге жасыңнан.  
Айбатыңды көргенде  
Дұшпандарың бас ұрған.  
Даңқыңды естіп жүруші ем,  
Шартарапқа шашылған.  
Ақ жүзіңді көрген соң,  
Енді мауқым басылған...

Ақын-жыршылар халық тағдырына алаңдаған тарихи тұлғаларды жырлай келе әдебиеттің демократиялық мазмұнын қалыптастырды. Қазақ ақын-жыршылар поэтикалық үндестігі әдеби дамудағы дәстүр жалғастығының толық көрінісі болып табылады.

Әлемдік поэзияда ежелден қалыптасқан жанрлық үлгілердің бірі – өсиет өлеңдер. Өмірдің талай белестерінен өтіп, қарттық кезеңге аяқ басқан шағында үлкен тұлғалар ұрпақ санасын жаңғырту мақсатында өсиет сөздер, өлеңдер айтып кетеді. Көбінесе өсиет өлеңдерде фәни мен бақи дүние – екі дүние арасындағы табиғи жалғастық жайлы, тіршілік мәні жайлы ойлар тереңінен сөз етіледі.

Жасы жүзге жеткенше жырлаудан танбаған Ж.Жабаев өнері қазақ әдебиеті тарихында таңқаларлық құбылыс ретінде қарастырылады. Жамбыл шығармашылығының басты бейнесі сөзінен бал тамған шешен, жалынды жыршы болумен қатар, өлеңдерінде философиялық ой-иірімдерінің тереңдігімен айқындалуында жатыр.

Жамбыл ақын «Өсиет» атты өлеңінде аталған адам ғұмырының фәнилік және бақилық арасындағы қарым-қатынастарды шебер көтере білген. Өмір мен өлімнің жалғастығына құрылған өмірдің дамылсыз қозғалысындағы тынысының «дүние серуен», «адам бір көшкен керуен» тіркестерін қолданып, өткінші дүние суретін айшықты бейнеде елестетеді.

Дүние қызық қалдырып,  
Амалсыз өмір белінен.  
Кірсе лебіз – шықса жоқ,

Хауіп етіндер өлімнен, - дей келе ақын дүние сипатын одан әрі таныту мақсатында «дос-жаранға, кемтарға қайырлы» болу арқылы ғана жақсы өнеге қалдыруға болатынын өсиет етеді. Әр адамның соңынан мәңгілік мұра болып сақталып қалатыны – қайырымдылық істер екендігін, дәстүрлі қазақ дүниетанымына негіздей отырып жырлайды:

...Қылған қайыр болмаса,  
Не әкетесің өмірден?  
Дәулетіңнен не пайда  
Таусылмастай көрінген?!  
Жалғыз мұраң сол болар  
Қол қайырың берілген.  
Басқа дүние бірі де  
Көмілмейді кебінмен.

Ж.Жабаев – қазақтың ұлттық қалыптасу, даму дәстүрлерін бойына жинақтаған шоқтықты тұлға. Оның жырлары – қазақ әдебиетінің асыл қазынасы. Ақын азаматтық парасаттылық биіктігі тұрғысынан өз заманының сыншыл тұлғасына айналды. Қайраткерлік, күрескерлік іс-әрекеттері мен жырлары тұтаса өрілген халық өкілі ретінде қазақ тарихы белесінде даралана қалды. Өмір шындығын сыншылдықпен суреттеу дәстүр – ұлттық әдебиетіміздің даму, қалыптасу кезеңдеріндегі шығармашылық тұлғалардың барлығына тән ерекшелік. Сондықтан, Жамбыл және оның дәстүріндегі ақын мұраларының сыншылдық сарынның мол кездесетіні – табиғи жағдай.

Жамбыл – өмір шындығының нағыз жыршысы. Жыр алыбы заман шындықтарын көзімен көріп, оған өзіндік көзқарасы тұрғысынан әділ бағасын бере жырлауы таптық емес, гуманистік мұраттар тұрғысынан баға береді. Ақын шығармашылығынан қоғамдық құбылыстарды ақ пен қара, жақсылық пен жамандық бір-біріне қарама-қарсы антитезалық ұғымдар бір-бірін жоққа шығарып, бірақ бірінсіз-бірі өмір сүре алмайтын философиялық заңдылықтары бойынша жырлауды анық көруге болады. Жүз жылдық ғұмырының ішінде көрген адамдары, тарихи оқиғалары, күнделікті тұрмыстық тіршілік қозғалыстары, қарым-қатынастары және т.б. – бәрі шығармаларында ақындық тілдің реалистік-романтикалық бояуларымен жырланған. Бұл орайда Жамбылдың қазақ сөз өнері тарихындағы әдебиеттік көркемдік әдістерге лайықты жасалған шығармашылық тұлғасын көруге болады.

Ақын Жамбыл жырлары – қазақ халқының құралы, қалыптасу, даму тарихындағы ауыр кезеңдерді жеткізетін, шертетін шежіре сыр. Ұлы ақын-жыршы Жамбылдың өнерпаздық тұлғасы, қоғамдық нысанасы, арман мұраты, шарықтап шалқыған шабыты туралы түйген-топшылау ақынның өз шығармаларының бедерінен айқын аңғарылады.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Қирабаев С. Ұлылықты ұлықтау. / С. Қирабаев – Алматы: Әдебиет әлемі, 2013. – 392 б.
- 2 Жолдасбеков М. Асыл сөздің атасы: Зерттеулер. / М. Жолдасбеков – Алматы: Білім, 1996. – 304 б.
- 3 Қалижанов У. Жамбыл. / У. Қалижанов – Алматы: Әдебиет әлемі, 2013. – 392 б.
- 4 Бегалин С. Жамбыл: Өмірбаяндық хикаят. / С. Бегалин – Алматы: Жалын, 1996. – 184 б.
- 5 Ысмайылов Е. Жамбыл және халық ақындары: оқу құралы. / Құрастырған: К.Сейдаханов – Алматы: Санат, 1996. – 240 б.
- 6 Нұрмағамбетова О., Тәжібаев Ә. Ұлы жыршы. / О. Нұрмағамбетова, Ә. Тәжібаев – Алматы: Ғылым, 1972. – 66 б.
- 7 Қыдырбаева А. Жамбыл және ғылыми әдебиет: зерттеу. / А. Қыдырбаева - Алматы: Өлке, 2003. – 176 б.

### Мухит Кожашев

*Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Алматы, Казахстан*

### Поэтическое искусство Жамбыла: становление и особенности

**Аннотация.** В статье подробно описывается становление поэтического искусства Жамбыла, признанного мастера слова в истории казахской литературы. Жамбыл - великий поэт, который умело и правдиво отобразил свою эпоху. Его поэзия состоит из цикла стихов, посвященных великим испытаниям и скорби казахского народа в тот исторический период.

В статье впервые описываются история становления поэтического искусства в устной традиции казахского народа, его основные черты и синкретический характер в сравнении с народами Центральной Азии. Роль поэзии в творчестве художника анализировалась на основе воспоминаний о жизни Жамбыла. В статье также даются сведения об учителях и поэтической среде талантливого поэта. Формирование поэтической личности рассматривается на основе исторических источников. С целью раскрытия многогранности творчества поэта приводятся отрывки из его стихотворений, проводится анализ поэтических текстов. Поэт сумел донести историческую правду посредством глубоких мыслей, основанных на гуманистических идеях и имеющих философскую подоплеку. В данных стихах раскрывается вся поэтическая сила Жамбыла.

**Ключевые слова:** патриотизм, потомство, человечность, труд, мужество, обет, правда, ответственность.

**Mukhit Kozhashev**

*Abay Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

**Zhambyl's Poetic Art: Formation and Poetry**

**Abstract.** The article describes in detail the formation of Zhambyl Zhabayev's poetic art, who is an acknowledged master of word in the history of Kazakh literature. Zhambyl is a great poet who skillfully and truthfully portrayed his era. His poetry consists of a series of poems dedicated to the great trials and tribulations of the Kazakh people in that historical period.

The article for the first time describes the history of the formation of poetic art in the oral tradition of the Kazakh people, its main features and syncretic nature in comparison with the peoples of Central Asia. The role of poetry in the word-man's work was analyzed on the basis of memories of Zhambyl's life. The article also provides information about teachers and the poetic environment of the talented poet. The formation of a poetic personality is considered on the basis of historical sources. With the aim of revealing the versatility of the poet's work, excerpts from his poems are given in the article as well as an analysis of his poetic texts. The poet was able to convey the historical truth through deep thoughts based on humanistic ideas and inherent philosophical background. These verses reveal Zhambyl's entire poetic power.

**Key words:** patriotism, descendants, humanity, labor, courage, vow, truth, responsibility

**References**

- 1 Qirabaev S. Ulylyqty ulyqtau [Glorification of glory], (Adebiet alemi, Almaty, 2013, 392 p.). [in Kazakh]
- 2 Zholdasbekov M. Asyl sozdin atasy: zertteuler [Noun of the noun: research], (Education, Almaty, 1996, 304 p.). [in Kazakh]
- 3 Kalizhanov U. Zhambyl [Zhambyl], (Adebiet alemi, Almaty, 2013, 392 p.). [in Kazakh]
- 4 Begalin S. Zhambyl: Omirbayandyq xikayat [Zhambyl: Autobiography], (Zhalyn, Almaty, 1996, 184 p.). [in Kazakh]
- 5 Ismailov E. Zhambyl zhane chalyq aqyndary: oqu quraly [Zhambyl and national poets: a textbook], Qurastyrgan: K.Seidexanov [Compiled by: K. Seydhanov], (Sanat, Almaty, 1996, 240 p.). [in Kazakh]
- 6 Nurmagametova O., Tazhibaev A. Uly zhyrshy [Great Singer], (Gylym, Almaty, 1972, 66 p.). [in Kazakh]
- 7 Kydyrbaeva A. Zhambyl zhane gylymi adebiet: zertteu [Zhambyl and scientific literature: the study], (Olke, Almaty, 2003, 176 p.). [in Kazakh]

**Автор туралы мәлімет:**

**Қожашев Мұхит** - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті «6D021400-Әдебиеттану» мамандығының 3-курс докторанты, Достық даңғылы 13, Алматы, Қазақстан.

**Kozhashev Mukhit** - 3rd year doctoral student of the specialty «6D021400 - Literary criticism» of Abai Kazakh National Pedagogical University, Dostyk Avenue 13, Almaty, Kazakhstan.